

Ш.Д. Сейдигазимова¹
С.Е. Тапанова²
М. Топлу³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³Анкара Қажы Байрам Вели Университеті, Анкара, Түркия
(E-mail: shynar08.08.90@mail.ru, sauletapanova@list.ru, mtoplu09@gmail.com)

Қазақ мерзімді баспасөзіндегі әйелдер мәселесінің жазылу эволюциясы

Аңдатпа. БАҚ билік пен халық арасын байланыстырушы ғана емес, төртінші билік өкілі саналады. Бүгінде ақпарат алмасу саласында тұрақты жүйелі қызмет етіп келе жатқан баспасөз құралдары жетерлік. Олардың ішінде оқырманның мәдени өмірінің рухани азығына айналған ұлттық баспасөзіміз қай мәселенің басын шалса да, қоғамның салт-санасына тигізер әсері зор. Гендерлік теңдікке қол жеткізуде қазақ баспасөзіне қоғам жағдайының ең сезімтал индикаторы ретінде ерекше рөл беріліп, зерттеу мақаласының бүгінгі күннің өзекті де, маңызды тақырыпқа құрылғандығы айқындалады. Зерттеу мақаласында ХХ ғасырдың басындағы алғашқы әйел басылымдарының шығу және қалыптасу тарихына шолу жасалып, ондағы әйел қаламгерлердің жарық көрген көркем еңбектері мен оның тақырыптары ғылыми негіз ретінде назарға алынған. Басылымдарда гендерлік теңдік мәселесінің берілуі және жазылуы жиілігі мен ерекшеліктері анықталып, материалдарды талдау парадоксалды тенденцияларды негіздейді.
Түйін сөздер: Қазақ баспасөзі, гендерлік теңдік, БАҚ, әйелдер мәселесі, әйел теңдігі, басылым, әйел авторлар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-133-4-26-34>

Түсті: 26.11.20 / Қайта түзетілді: 14.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 20.12.20

Кіріспе. Әйелдер мәселесі – әлемдік мәселе. Соңғы жылдары әлеуметтану ғылымдарында ғана емес, сонымен қатар, қоғамда да әйел мәселесіне үлкен мән берілуде. Өйткені, осы күнге дейін гендерлік теңдікке қол жеткізіп, әйелдердің құқығын қорғау мен олардың мүмкіндіктерін арттыру жеткілікті дәрежеде іске аспауда. Бүгінде Қазақстанда да аталған мәселе өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді. Оның басты себебі – әйелдерге көрсетілетін әлімжеттікті тосқауыл болуға әліміздің жетпеуі.

Әйелдер мәселесі – қоғамдағы әйелдердің жалпы жағдайына аса мән беру, барлық сала-

да әйел мен ердің теңдігіне қол жеткізу, ұлттық және ұлтаралық мәселелерді шешу, саяси, әлеуметтік қайшылықтарды жеңу. Жалпы «гендер» ұғымы бүгінгі күні бәріміздің жиі еститін сөзімізге айналды. Осы тұста бұл ұғымның әйел мәселесіне тікелей байланысты екенін аңғарамыз. «Гендер» ұғымы өзімен бірге тепе-теңдікті үйлестіріп отыратын саясатты қамтиды.

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің әлеуметтік мінез-құлқын, олардың өзара қарым-қатынасын анықтайтын мәдени сипаттамалардың өзіндік жинағы. Сонымен, гендер, тек әйелдер немесе ерлерге ғана емес, олардың арасын-

дағы қарым-қатынасқа, бұл қатынастардың әлеуметтік құрылу әдісіне де, яғни, жыныстардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және бұл қатынастардың қоғамдағы қатарға енуіне де жатады.

Гендерлік теңдікке қол жеткізуде бұқаралық ақпарат құралдарына қоғам жағдайының ең сезімтал индикаторы ретінде ерекше рөл беріледі. Баспа және электронды БАҚ-тарды, сондай-ақ, әр уақытта жүргізілген жарнамалық материалдарды талдау парадоксалды тенденцияларды анықтады: бір жағынан патриархалдық құндылықтардың өсуі, екінші жағынан – барлық бұқаралық ақпарат құралдарында әйел бейнесін сексуализациялау және коммерцияландыру. Әйелдер мен гендерлік рөлдердің стереотиптік бейнесі, әсіресе, жарнамалық және коммерциялық ақпаратқа тән. Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық кеңістігінде қазақстандық әйелдің өмірі полярланған және неке, ана, сұлулық және сексуалдылық арасында жасалған. Зерттеулер нәтижесі «әйел» – әйел қылмысы, алкогольизм, жезөкшеліктің маргинализациясына БАҚ-тың қызығушылығы артып отырғанын анықтады. Ерлерге келетін болсақ, Қазақстанның медиа кеңістігі оларды мансапқа, ақша табуға бағыттайды [1].

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ баспасөзіндегі әйелдер мәселесі туралы мақалаларды тарихи деректер негізінде салыстыра талдап, баспасөзде орны бөлек алғашқы әйел басылымы мен оған еңбегі сіңген әйел қаламгерлерді бүгінгі ұрпаққа үлгі ретінде таныту болып табылады.

БАҚ ішінде Қазақ баспасөзі қай заманда болсын мемлекеттік идеологияны, саясатты жүргізу мен насихаттаудың бірден-бір құралы болып келеді. Ал сол кездері қазақ баспасөзі әйел тақырыбы, олардың көтерген мәселесі, гендерлік теңдік жайлы не жазды?

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстанда әйелдер қозғалысы тәуелсіздік жылдарында белсенді түрде қалыптасқанына куә боламыз. Қазіргі таңда елімізде әйелдер мәселесіне қатысты сұрақтарды шешетін 150 мемлекеттік емес ұйымдар бар. Олар әйелдердің құқығын қорғауға, әйелдерге қарсы зор-

лық-зомбылықпен күресуге, әйелдердің саяси және экономикалық жағынан өсуі сияқты мәселелерді шешу жолында қызмет етеді. Бұл мемлекеттік емес ұйымдар Қазақстанның гендерлік саясатының мәні мен ерекшелігіне белсенді әсер ету мақсатымен мемлекеттік құрылыстарымен ынтымақтастыққа және өзара әрекет жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан гендер мәселесіне екімыңжылдық тоғысында қызығушылық таныта бастады. Философия және саясаттану институтында зерттеушілер тобы «Гендер теориясына кіріспе» деген кітапты жарыққа шығарды. Кейіннен Қазақ қыздар педагогикалық институтында Орталық Азиядағы бірінші Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеу институты ашылып, онда гендерлік пәндер бойынша арнайы оқу жоспарлары бар курстар ашылды.

Гендерлік мәселе бойынша қазіргі кезде қазақстандық Б.Х. Хасанов, Г.Г. Соловьева, С. Шакирова, М.А. Өскембаева, Н. Шеденова, К.А. Тохтыбаева, Б. Қылышбаева сынды зерттеушілер еңбек етіп жүр. Бұл зерттеушілерді алғашқы феминистік қозғалыстың либералды, марксистік, радикалды бағытына қосу қиын. Еліміздегі жаңа қазақстандық философияның қалыптасуымен байланысты ерекше гендерлік тәсіл де қалыптасып жатты. Бұл философия марксистік философиядан бас тартып, руханилықтың артықшылығы мен қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тән ақыл-парасат, ой мен ожданнның бірлігіне сүйенді.

Қазақ жерінде патшалы Ресейдің саясатын жүргізуге ақпараттық қолдау көрсетіп, насихат, идеология қызметтерін атқарған «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» басылымдарында жарияланған әйелдер мәселесін көтерген тақырыптар да, әйел авторлар да жоқтың қасы. Сол себепті әйелдер тақырыбын көтерген ұлттық әйелдер баспасөзінің дамуын «Айқап», «Қазақ» газеттерімен байланыстыруға болады. Осы екі басылым беттерінде Алаш зиялылары әйелдердің сауаттылығы, әйел теңдігі мәселесін көтеріп шын күресті. Сонымен қатар, алғашқы әйел авторлардың мақалаларын жариялауға мүмкіндік берді.

Зәуре Сағыбаева өзінің «Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы» аталатын канди-

даттық диссертациясында «ХХ ғасыр басындағы әйелдер мұңын әйелден артық ешкімнің айта алмайтыны белгілі болатын. Дәл осы қажеттілік әйел қаламгерлер тобының тууына басты себеп болды» – деп, олардың қолына қалам алуына мәжбүр еткен екі түрлі себепті келтіріп өтеді. «Біріншіден, баспасөз арқылы бұқараның қалың ортасына ой тастау, сол арқылы өнер-білімге, мәдениетке үндеу болса, екіншіден, жасқаншақ, етекбасты ауыл әйелдеріне жаңа қоғамның мән-жайын түсіндіру, өз мүддесі үшін күреске жұмылдыру», – дейді [2].

Бәрімізге мәлім, 1920 жылы Қазақстан Автономиялы Республикасы Орталық Атқару Комитетінің қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тыйым салу жөнінде қабылдаған декреті жарияланған болатын. Осы орайда Қырықбай Аллаберген өзінің «Тарих және баспасөз» кітабында [3]: «Декретте қазақ әйелдерінің еңсесін басқан, адамдық қасиетін қорлаган, тағы басқа да зиянды әдет-ғұрыптарды жою көзделді. Міне, осы декреттің мәнін әйелдерге түсіндіріп, олардың өздерінің бастандығы үшін күресуіне көмектесу, әйелдерді қоғам өміріне белсене араластыру үшін ел ішінде көшпелі қызыл отаулар, делегаттар жиналыстары ұйымдастырылды. Бұлардың жұмысын насихаттайтын, әйелдерге арналған баспасөз органын шығару қажеттігі туындады», – деп, сол уақытта қазақ әйелдерінің атынан сөйлейтін әйел қаламгерлердің қажеттілігінің туғанына тап өтті.

Жалпы әйелдер баспасөзі өзінің табиғаты бойынша әртүрлі және өзіндік ерекшеліктері бар. Осы орайда Р. Ямпольская «әйел» баспасөзінің келесі функцияларын ажыратады [4, 32 б.]:

- әйелдердің қажеттіліктері мен мүдделерін, оның тұлғасы мен имиджін қалыптастыру және бейнелеу;
- әйелдердің өзекті мәселелерін талқылау және таныстыру, оларды шешу жолдарын іздеу;
- әйелге оның әйелі мен анасы ретіндегі әлеуметтік рөлін орындауға көмектесу;
- балалар мен әйелдердің денсаулығын сақтауға көмектесу;
- моральдық-психологиялық қолдау;

- қоғамға қатысты жағымсыз және қайшылықты көріністерді жеңуге көмектесу;
- әйелдердің қоғамдағы орнын нығайту, әлеуметтік өзгерістерге қатысуға шақыру;
- өз көкжиегін кеңейтуге көмектесу;
- эстетикалық талғамның дамуына ықпал ету;
- жаңа өнімдер туралы ақпараттандыру (балалар мен әйелдерге арналған жарнамалық өнімдер).

Бүгінде қазақ журналистикасындағы әйелдердің алғашқы көші деп Нәзипа Құлжанова, Сара Есқызы мен Нағима Арықованы айтамыз. Әрине, бұл шығармашылығымен ерекше көзге түскен үздіктер екені белгілі. Әйтсе де, қазақ баспасөзінде оларға дейін де әйел қаламгерлер болды, бірақ олар жайлы көп айтыла бермейді. Атап айтсақ, «Қазақ» газетіндегі әйел авторлардың қатарында Ғанижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова, Гүлайым Байгурина, Нәзипа Құлжанова сынды әйел қаламгерлер болды. Аталған авторлар оқу-ағарту, медицина, әдебиет, мәдениет мәселелері жайлы жазды. Ал «Айқап» журналының беттерінде Мәриям Сейдалықызы, Күләйім Өтегенқызы, Сақыпжамал Тілеубайқызының өлеңдері жарық көрді. Сонымен қатар, «Айқап» энциклопедиясынан Балқожа Сүлейменова есімін де кездестіруге болады. Бұл – «Қазақ», «Айқап» басылымдары әйел қаламгерлердің мақалаларын жариялап, оларға арналған басылымдардың пайда болуына алғышарт болғандығының көрінісі.

Алаш зиялылары да сол кезде әйел теңдігі туралы тақырыптарды көтеріп, алғашқы әдеби туындылардың шығуына себепкер болды. Тіпті, Алашорда басылымдарынан да көптеген әйел авторлардың мақалаларын кездестіре аламыз. Мысалы, «Сарыарқа» журналында жарияланған Әсма Жанболованың мақалалары мен ақпараттық хабарламаларын атап көрсетуге болады.

Әйел авторлар ең көп кездесетін келесі басылым – «Ақ жол» газеті. Басылымның беттерінен аттары бізге әлі күнге дейін беймәлім авторлармен қатар, Нәзипа Құлжанова, Сара Есқызы, Алма Оразбаеваны кездестіре аламыз. Әйелдер баспасөзі мен публицистикасы-

ның дамуына үлес қосқан көпшілік газеттерде әйелдер мәселесіне арналған айдарлар мен арнайы беттердің пайда болуы еді. Атап айтсақ, 1923 жылдары «Еңбекшіл қазақ», «Степная правда» газеттері мен «Қызыл Қазақстан» журналында аптасына бір рет «Қазақ еңбекші әйелдерінің өмірі» деп аталатын арнайы әйелдер бөлімі ашылды. Бұл жайында деректер өте көп, тіпті, басылымдардың архивтерінен көз жеткізе аламыз. Мысалы, Сағида есімді қаламгер «Еңбекшіл қазақ» газетінде өзінің «Қазақ қыздары қайда?», «Дүрбілі айна» деген мақалаларын жариялап, осы басылымдағы әйелдер бөлімі туралы баяндайды.

Қазіргі таңда алғашқы әйелдер баспасөзі деп «Теңдік» газеті айтылып келеді. Десе де, «Еңбекші Қазақ» газетінің 1923 жылы 9-маусымдағы санында Алма Оразбаеваның «Әйел бостандығы» мақаласынан мына құнды деректі байқадық: *«Ақтөбедегі губерниялық әйелдер бөлімінің атынан «Әйел бостандығы» атты газет шығарыла бастаған. 2-майда шыққан 1-номері басқармамызға келді, газет әр жұма сайын шығып тұрады. Өкінішке орай, одан кейін қазақ әйелдеріне арналған газеттер шықпады. «Әйел бостандығы» – әйелдер дүниесінде бірінші қадам еді. Мұны шығарып отырғандығы – қазақ әйелдерінің де ерлермен қатар тұрмысқа ұмтылайын дегендігі», [5]* – дейді автор.

Алғашқы басылымдардың бірі ретінде «Жетісу әйелі» журналы жайлы да деректер әртүрлі. Лейла Ахметованың «Қарлығаш қаламдастар» кітабында бұл журнал 1923 жылдың қаңтарында жарық көрді деп айтылады. Ал «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығына сүйенсек, 1924 жылдың басында журналдың тек екі санығана жарық көргендігі жазылған. «Жетісу әйелі» журналының нақты шыққан уақыты Қырықбай Аллабергеннің «Тарих және баспасөз» кітабында: *«Қазақстан бойынша әйелдерге арналып шығарылған алғашқы басылым «Жетісу әйелі» журналының алғашқы саны 1923 жылдың 15-қаңтарында жарық көрді», [3]* – делінген.

Көріп отырғанымыздай, қазақ баспасөзінде, алдымен, әйел авторлар қалыптасып, содан соң газетте арнайы айдарлардың ашылуы біртіндеп әйелдерге арналған басылымдар-

дың дүниеге келуіне ұласты. Ал қазақ баспасөзінде әйелдер басылымының өмірге келуі сол кездегі әйелдер мәселесін көтеруге зор мүмкіндік берді. Әйтсе де, ол уақытта әйелдер мәселесі үстірт жазылғандай, бала күтіміндегі ана, отбасыдағы әйел, жалпы әйелдердің сауаттылығы және қоғамға үлгі бола білген еңбегер әйелдер жайлы ғана қалам тербелген. Бұдан бүгінгі қоғамның ауыр дертіне айналған әйелдерге көрсетілетін зорлық-зомбылық, кемсітушілік, гендерлік теңдік сынды жағдайлар болмады деп қорытынды жасай алмаймыз. Себебі аталған мәселелер қай кезеңде болмасын өз деңгейінде өзекті болды. Тек Кеңестік идеологияның арқасында талай ауызға қақпақ табылып, ащы шындық тәтті өтіріктің кейпіне енген-ді.

Ендігі алғашқы әйел басылымдарынан кейінгі әйел тақырыптарын қозғаған қазақ баспасөзіне тоқталайық. 1969 жылдың қараша айында шыққан «Мәдениет және тұрмыс» журналының санында Шәрбану Құмарованың «Әйелдер – қоғамның қуатты күші» атты мақаласы жарияланған. Автор өз мақаласында сол кезеңдегі әйелдердің рөлін ашып көрсеткен. Сонымен қатар, сол уақыттағы мемлекеттік саясаттың басты мақсаты демографияны жақсарту емес, өндірісті күшейту мақсатында тұрғындарды еңбекке барынша жұмылдыру болғаны анық көрініс табады. Сол себептен Шәрбану Құмарова әйелдер үшін бала тәрбиесінің екінші орында болмауын, адамзаттың ұрпағын тәрбиелеу мен қоғам өмірінен, яғни қызметтен қол үзбей, ерлік жасап жүрген аналардан үлгі алуға шақырады. Осы орайда мақаланың түпнұсқасынан үзінді келтіріп өтуді жөн көрдік.

«Статистика есебі бойынша елімізде әйелдер өндірісте істеушілердің 46%, ал дәрігерлер одан да көбірек орын алады екені. Адамзат баласының тең жарымын құрайтын, әдеміліктің, нәзіктіктің, даналықтың символы боп саналатын әйелдер қоғамда аса үлкен роль атқарады. Біздің советтік елімізде әйелдерді шаруашылықтың әр саласына тартуда орасан зор істер істелінеді. Әйелдерді қазан-ошақтың қасында, күйбең тірліктің ортасында қалып қоймай қоғам істеріне араласуы үшін көптеген жеңілдіктер

жасалады, әлі де нелер жасалынбақшы. Кейінгі кезде үй тіршілігіне тұрмыстық техника, тұрмыстық химия еніп әйел қауымын қанишалық ауыр бейнеттен арылтты. Ол үшін де, осының бәрін ойластырып, солардың қамын жеп жүрген адамдарға шексіз рахмет айта отырып, әйелдерге байланысты әлі де бірқатар нәрселердің шешілмей отырғанын айтпасқа амалымыз жоқ. Солардың бірі – әйелдердің қоғамға еркін араласып, сонымен қатар үй тіршілігіне, бала тәрбиелеуге де мүмкіндігін кеңейту. Үйде бала бағып қалып өндірістен қол үзген, ал жұмыс істеген күнде де өз бойындағы бар мүмкіндігін сарқа пайдалана алмай амалсыз тежеліп қалған адамдар қанишама. Әйелдердің қоғамның толық қанды мүшесі болуы үшін, олардың өмір ағысынан қалып қоймай, күнделік білімін көтеріп, жеке басының интеллектісін дамыта жүруі үшін түрліше жағдайдың керектігі бүгінгі күн тәртібіне шығып отыр...

Асыл Аманғалиева Қаратөбе совхозында мұғалім, 8 баланың анасы. Үй-ішінде сол балалардың бірде шуылын естімедік. Кісі келгенде қонақпен жағаласып, не ішіп, не қойған құрлы берекені алып, отырғандардың әптер-тәптерін шығарар олар емес. Қайта үлкендері анасына қолқанат боп, бірі ыдыс-аяқ жиысып, бірі кішкене-нелерін жұбатысып жүр. Соларын ешбір бұйрық, зекусіз өздері біліп істейді. Осыларды көріп, көкейге тоқи отырып, реті келгенде Асылмен тілдескенде, ол:

– Онсыз мен қалай жұмыс істеген болар ем. Осы балаларымның арқасы, қайта мамандығымнан қалып қоймай жұрт қатарлы еңбек етіп келе жатқаным, – деді...

Біздің жоғарыда айтқан жайларымыз жүрекке жылы, көңілге қуаныш болатын жағдайлар. Бір Орал облысының 2-3 ауданынан мұндай жақсы фактілерді көптеп кездестірдік. Үлгілі ана, өнегелі қызметкер, үй тіршілігіне де бесаспап жақсы әйелдерді көріп, көз мерейің қанады» [6].

Келесі «Социалистік Қазақстан» газетінде 1969 жылдың 2-ақпандағы санында жарияланған «Зор күшті бағалай білейік» атты Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілінің мақаласын мысалға келтірмекпіз. Мақала газеттің «Қыз-келіншектер, техниканы меңгеріңдер!» айдарында жазылған. Автор республикада астық өндірісін барынша арт-

тыру басты міндетке айналғандығын айтып, ауыл-аймақтағы қыз-келіншектерге механизаторлық мамандықты иегеру мәселесін көтерген. Сонымен қатар, материалда ауыл шаруашылығы саласында қызметінде еңбегі сіңген әйелдердің есімі тізбектелген. Сөз соңында министрлік өкілі осы салада әйелдерді жұмылдыру ісін арттыруға шақырады. Еңдеше, мақала үзіндісіне көз жүгіртіп көрейік: «Еліміздің халық шаруашылығында әйелдер қандай зор роль атқарып отырғаны баршаға мәлім. Бізде халыққа білім беру, денсаулық сақтау, байланыс, сауда, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету салаларын айтпағанның өзінде, жеңіл және тамақ өнеркәсібі орындарында, тіпті, күрделі заводтар мен фабрикаларда көптеген әйелдер, жас қыз-келіншектер ерлермен қатар жемісті еңбек етіп келеді.

Ауыл шаруашылығының сан алуан өндірісіне қатысушы әйелдер қанишама десеңші! Товарлы-сүт, шошқа фермаларында жұмыс істейтіндердің көбі әйелдер. Егін орағы кезінде қырмандағы астық тазарту, түсіруге байланысты істердің де көбін қыз-келіншектер атқарады.

...Ауыл шаруашылығы техникасын ерттеп мініп, егіс даласында еселі еңбек ету әйелдер үшін соңғы іс емес. Ел басына күн туған сонау Ұлы Отан соғысы жылдарында және одан кейінгі уақыттары да трактор, комбайн айдап, автомашина жүргізіп, колхоз, совхоз өндірісін алға бастыру кезінде айтарлықтай үлес қосқан ер жүректі, жұмыр білекті талай-талай аналар болды. Өне, сол аналардың салған жолы, қалыптастырған берік дәстүрі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Республикамыздың егіс далаларында жазы-қысы жалықпай еңбек етіп, трактормен жер жыртып, шөп шауып, комбайнмен егін орып, автомашинамен астық тасып, ел ризығын молайтуға еселі үлес қосып жүрген және өз ісінің нағыз шебері атанған әйел жолдастар қазір де бар.

Семей облысындағы Абай ауданының еңбеккерлері “Бірлік” совхозының тракторисі Күлима Медеуованың есімін жақсы біледі. Күлима қажырлы еңбеімен ел құрметіне бөленген жастардың бірі. Ол трактор руліне алғаш 1953 жылы отырса, содан бері осы мамандығына әбден машықтанып, жерлестерін сүйсінтерлік талай іс тындырды.

Тек былтырғы маусымда ғана жас механизатор “Т-40” тракторымен жұмсақ жерге шыққанда 529 гектор жер өңдеді.

...Әйелдер ауыл шаруашылығы саласындағы үлкен күш десек, олардың колхоз, совхоз өндірісінде қолданылатын осы заманғы барлық техниканы жете меңгеріп, елімізге егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін неғұрлым көп беру сияқты игі іске белсенділікпен атсалысуын қамтамасыз ететін болайық [7].

Жалпы алғанда, қазіргі қазақ баспасөзі өркендеп, өсуге ұмтылыс үстінде. Әйтсе де, қазақ баспасөзінің қоғамдағы атқарып отырған бүгінгі қызметіне көңілі толмайтын жандар жоқ емес. Қалыптасқан көпшіліктің пікірінше: қазақ баспасөзі қоғамымызда болып жатқан саяси және экономикалық жағдайларға талдау жасаудың орнына, кешегі салт-дәстүрді насихаттауға әуестеніп кеткен. Бүгінгінің өзекті тақырыптарынан алыстап, өткен тарихи тақырыптарға көбірек мән берілген ел мен жер тарихы туралы толассыз толғаныстар, ағыл-тегіл ақыл айтушыларға толы. Қазақ баспасөзінде сыртқы халықаралық мәселелер мен экономикалық қатынастарды талдау аз және материалдарда сыни талдау, ғылыми жаңалық, тіпті, жоқтың қасы.

Осы орайда қазіргі қазақ баспасөзі әйелдер мәселесін көтеретін материалдарды оқырманға қаншалықты объективті және шынайы беріп жүр? Бүгінгі қоғамда әйел затына қатысты шешімін таппаған мәселелер өте көп. Өгей әкесінен үш жыл бойы зәбір көрген қыз, шаңырағының шайқалмауын тілеп күйеуінің таяғына көнген әйел, қартайған шағында келіннің қабағын баққан ана, біреудің минуттық ләззаты үшін тағдырдың қатал тауқыметін шеккен болашақсыз қыз – бәрі-бәрі қазіргі қазақ қоғамының ащы шындығы. Қарап отырсақ, бұл мәселелер бүгін не кеше ғана пайда болған жоқ, ол әрдайым болған. Тек әркім өз шындығын айтуға бүгін қорықпайтын болды. Осы сәтте шындықтың су бетіне қалқып шығуына, «Ұят болады!» дегеннің шекарасынан кесуге әлеуметтік желілер өз септігін тигізіп келеді. Содан болар, соңғы уақытта қазақ басылымдары әйел мәселелеріне ерекше ден қоя бастады. Ұлттық басылымдар да,

жекеменшік басылымдар да әйел затының қоғамдағы рөлі, олардың ер адаммен теңдігі, жеке бас құқығын қорғау сынды тақырыптарда жазылған біршама мақалаларды оқырманға ұсынып жүр. Аталған тақырыптағы мақалаларды сараптай келе, көптеген авторларды гендерлік теңдік мәселесі қызықтыратыны байқалды.

Гендерлік теңдік – бұл ерлер мен әйелдердің өздерінің әлеуметтік рөлдерін биологиялық жынысына қарамастан еркін, саналы таңдауы. Сонымен бірге, гендерлік теңдік ерлер мен әйелдердің тең құқықтар ғана емес, олардың құқықтары мен әлеуеттерін толық іске асыру үшін тең мүмкіндіктері болатын орта екенін ұмытпаған жөн.

БҰҰ статистикасына сүйенсек:

- Әлемде әйелдер жұмыстың 2/3 бөлігін істейді.
- Әйелдер бүкіл әлемдік табыстың 1/10 бөлігін алады.
- Әлемдегі барлық сауатсыздардың 2/3 бөлігі әйелдер.
- Әлемдік меншіктің 1% -дан азына әйелдер ие.
- Абсолютті кедейлікте өмір сүретін адамдардың 70% -ы әйелдер.
- Әйелдер парламенттік орындардың тек 10% және министрлер кабинетінің 6% алады [8].

Ендігі баспасөз материалдарындағы гендерлік теңдік мәселесінің берілуіне келейік. Ұлттық қоғамдық-саяси «АҚИҚАТ» журналының 2018 жылы 19-наурыздағы санында «Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі, саясаттанушы Дос Көшім, философия ғылымының докторы Берік Аташ, философ, публицист Әбдірашит Бәкірұлы және Нұр-Мубарак Египет Ислам мәдениеті университетінің докторанты Салтанат Қағазбекованың қатысуымен «Гендерлік саясат және қазақ қоғамындағы әйел» аталатын сүбелі әңгіме жарияланған [9]. Әңгіме барысында қоғам қайраткерлері әйел мен ердің тең құқығы, әйел теңдігін сылтаулап ұлттық тәрбиеге нұқсан келтіруді тоқтату, этногендерологияны дамыту, әйел затына деген исламдық көзқарас сынды өзекті мәселелерді сөз етеді.

Келесі мақала республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің 2019 жылы 29-тамызда шыққан санында жарияланған. Мақала «Гендерлік теңдік – тұрақтылыққа тірек» деп аталады, авторы Орынбек Өтемұрат. Мақала негізінде 2019 жылдың 1-қаңтарындағы дерек бойынша елдегі мемлекеттік қызметшілердің 55,4%-ын әйелдер құрайды. Оның ішінде, басшылық қызметтегі әйелдердің үлесі – 39,8%. Басшылық лауазымдағы әйелдердің көрсеткішіне жекелей қарағанда, өңір әкімдерінің орынбасарлары болып жүрген нәзік жандылар – 10,7% құраса, орталық мемлекеттік органдар комитеттерінің төрағалары мен департаменттерінің директорлары – 30,4%, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары – 14,2%, облыстық басқармалар басшылары – 17,6%, қалалар мен аудан әкімдерінің орынбасарлары 15,4%-ды құрайды екен [10].

Сонымен қатар, мақаладан өмірлік серігінен опық жеген нәзік жандылардың мысалын көптеп кездестіруге болады. Мәселен, Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті БҰҰ әйелдері, БҰҰ халықты қоныстандыру қоры, ДДСҰ-мен бірлесіп әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы зерттеу жұмысын жүргізген. Барлық Қазақстанды қамтыған сауалнамаға 14340 азаматша қатысып, нәтижесінде 16% әйел өз жолдасынан қорлық көргенін мәлімдеген. Ең сорақысы, олардың ішінде басқа да адамдардан зорлық көрген оқиғалар да анықталған.

Зерттеуімізге негіз болған келесі сұхбат, Қазақстан Жазушылар Одағының органы «Қазақ әдебитеті» газетінің 2019 жылы 13-қазанда жарияланған «Біз деградациядамыз» деп аталады. Жалпы сұхбат Өнертану саласы бойынша Түркиядан PhD қорғаған, елімізде және шетелдерде дәріс оқып, көптеген шәкірттер тәрбиелеген өнертанушы, медиа саласын зерттеуші Молдияр Ергебеков әйелдердің бүгінгі қоғамдағы орны және өнер мен әдебиет салаларындағы бүгінгі мәселелер жайында жазылған [11].

«Теңдікте де, теңдік бар» деп аталатын бұл мақала Халықаралық саяси «Tu'rkistan» га-

зетінің 2020 жылы 23-шілдеде шыққан санында жарияланған. Мақала барысында автор кеңестік кезеңдегі «Әйел теңдігі» идеясына ерекше тоқталып, гендерлік теңдік мәселесі Қазақстанда құқықтық тұрғыдан реттелгенін атап өтеді. Бұл тұрғыда Қазақстанның «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңдарының қабылдануы және Елбасының жанындағы «Отбасы істері және демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның» жұмыс істеуі Қазақстан азаматтарын жынысқа байланысты кемсітуге жол берілмейтінінің айғағы екендігін көрсетеді [12].

Қорытынды. Кешегі «Теңдік» газетінен, бүгінгі тәуелсіз қазақ баспасөздерінің беттерінен көрініс тапқан әйелдер мәселесі қай ғасырда болмасын өзекті екеніне көзіміз жетті. Қазақ баспасөзіндегі әйелдер тақырыбының жазылу эволюциясына қарасақ, қоғамда әйелдердің қадір-қасиетінің жете бағаланбайтыны мен олардың құқығы тиісті деңгейде қорғалмайтынын байқауға болады. Демографияға ерекше ден қойып отырған елімізде әйел теңдігі мәселесі Кеңестік дәуірден бері маңызын жоғалтпай тұр. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетіп, айналасын ынтымақ пен берекемен ажарландыратын әйел затына лайықты дәрежеде сый-құрмет көрсетілмеуі өкінішті.

Әйелдің ерекше орны, әсіресе, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуде байқалады. Бұл – қазақта байырдан бар идеология. Ендігі біздің парыз – осы саф құндылығымыздың жойылып кетуіне жол бермеу. Ал оны дәріптеудің теңдессіз күші – қазақ баспасөзі.

Қазақ баспасөзі – қанатын кеңге жайған зор кеңестік, ұлы көш. Заман қалай өзгерсе де, маңызы өзгермеген, қазақ өзгерсе де, қадірі артпаған қазақ әйелдерінің мәселесі мен оның түйінін шешер шығармаларды қазақ баспасөзі қалыс қалмай жүрсе, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Ендеше, «халқым» деген қайырлы ұрпақ үні мен «ұлтым» деп соққан жүректің дүрсілі әр қазақтың құлағына жетсін!

Әдебиеттер тізімі

1. Соколова Е.А. Гендерные стереотипы в современных СМИ как инструмент коммуникации // Известия Уральского федерального университета. Серия Проблемы образования, науки и культуры. – 2013. - №1. – С. 71-77.
2. Сағыбаева З. Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы. Кандидат. диссер. авторефераты. - Алматы, 2010. – 168 б.
3. Аллаберген Қ. Тарих және баспасөз. – Павлодар: Кереку. 2009, - 148 б.
4. Ямпольская Р. Гендерные стереотипы. – Москва: Издания Московского университета, 1998. – С. 97.
5. Оразбаева Ал. Әйел бостандығы// «Еңбекші Қазақ» газеті, - Орынбор, 09.06.1923 ж.
6. Құмарова Ш. Әйелдер – қоғамның қуатты күші// «Мәдениет және тұрмыс» журналы. – Алматы, Қараша, 1969 ж.
7. Пузарь Н. Зор күшті бағалай білейік// «Социалистік Қазақстан» газеті. – Орынбор, - №27(13171), 02.02.1969 ж.
8. Қазақстандағы балалардың және әйелдердің жағдайын талдау [Электрон. ресурс] – URL: www.unicef.org/kazakhstan/media/1426/file/Публикация%20на%20каз%20.pdf (Қаралған күні: 20.09.2020)
9. Гендерлік саясат және қазақ қоғамындағы әйел. «АҚИҚАТ» қоғамдық-саяси журналы, - Алматы, 19.03.2018 ж.
10. Өтемұрат О. Гендерлік теңдік – тұрақтылыққа тірек. Республикалық «Egemen Qazaqstan» газеті, - Нұр-Сұлтан, 29.08.2019ж.
11. Біз деградациядамыз. «Қазақ әдебиеті» газеті, - Алматы, 13.10.2019ж.
12. Теңдікте де, теңдік бар. Халықаралық саяси «Tu'rkistan» газеті, - Нұр-Сұлтан, 23.07.2020 ж.

Ш.Д. Сейдигазимова¹, С.Е. Тапанова², М. Топлу³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

³Университет Анкара Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция

Эволюция освещения женской проблематики в казахской периодической печати

Аннотация. СМИ – это не только связующее звено между властью и народом, но и четвертая власть. Сегодня существует множество СМИ, которые постоянно работают в сфере обмена информацией. Среди них наша национальная пресса, ставшая духовной пищей для культурной жизни читателя, которая оказывает огромное влияние на обычаи и традиции общества, независимо от того, о чем идет речь. Казахстанской прессе отводится особая роль в достижении гендерного равенства как наиболее чувствительного индикатора состояния общества, и ясно, что исследовательская статья затрагивает актуальную и важную тему современности.

Основные результаты. В статье рассматривается история возникновения и становления первых женских изданий в начале XX века, в качестве научной основы взяты опубликованные произведения женщин-писательниц и их тематика. Определены периодичность и специфика изложения и написания проблемы гендерного равенства в публикациях, а анализ материалов обосновывает парадоксальные тенденции.

Актуальность исследования. Проведен сравнительный анализ статей по женской проблематике в казахстанской прессе на основе исторических данных, особое место в прессе отводится представлению первого женского издания и заслуженных женщин-писателей в качестве примера для сегодняшнего поколения.

Ключевые слова: казахская пресса, гендерное равенство, СМИ, женские проблемы, женское равенство, издание, женские авторы.

Sh.D. Seidigazimova¹, S.E. Tapanova², M. Toplu³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian national University, Nur-Sultan, Kazakhstan

³University of Ankara Haci Bayram Veli, Ankara, Turkey

The evolution of woman issues description in Kazakh periodicals

Abstract. The media is not only a link between the government and the people, but also the fourth estate. Today many media outlets are constantly working in the field of information exchange. Among them, our

national press, which has become the spiritual food for the cultural life of the reader, exerts a tremendous influence on the customs and traditions of society, regardless of what it is about. The Kazakh press plays a special role in achieving gender equality as the most sensitive indicator of the state of society, and it is clear that the research article is based on a topical and important topic of our time.

Main results. The article examines the history of the formation of the first women's publications in the early twentieth century, which takes into account the published works of art by women writers and their topics as a scientific basis. The frequency and specificity of the presentation and writing of the problem of gender equality in publications are determined, and the analysis of materials substantiates paradoxical tendencies.

The relevance of research. There has been carried out a comparative analysis of articles on women's issues in the Kazakh press based on historical data; a special place in the press is given to the presentation of the first women's publication and honored women writers as an example for today's generation.

Keywords: Kazakh press, gender equality, mass media, women's issues, women's equality, edition, women's authors.

References

1. Sokolova E.A. Gendernye stereotypy v sovremennyh SMI kak instrument kommunikatsii [Gender stereotypes in modern media as a communication tool], Izvestiya Uralskogo federalnogo universiteta [Bulletin of the Ural Federal University. Problems of education, science and culture Series] 2013. №. 1. P. 71-77. [in Russian]
2. Sagybayeva Z. Kazak aielderinin publicistikalyk murasy [Journalistic heritage of Kazakh women] Candidate's diss.... Almaty, 2010. – P. 168.
3. Allabergen K. Tarih jane baspasoz [History and Press] (Pavlodar, Kereku 2009, 148 p.). [in Kazakh]
4. Yampolskaya R. Genderniye stereotipy [Gender stereotypes]. (Moscow, Izdanya Moskovskogo universiteta, 1998, 97 p.). [in Russian]
5. Orazbayeva A. [Women's Freedom] Newspaper «Enbekshi Kazakh», - Orenburg. June 9, 1923.
6. Kumarova Sh. Aielder kogamnyn kuatty kushi [Women - a powerful force in society], Madeniet jane turmys [Culture and Life]. Almaty, November, 1969.
7. Puzar N. Zor kushti bagalai bileiik [Let's appreciate the great power] Newspaper «Socialistik Kazakhstan». Orenburg. - №727 (13171), 02.02.1969.
8. Kazakstandagy balalardyn jane aielderdyn jagdaiyn taldau [Analysis of the situation of children and women in Kazakhstan] [Electronic resource] Available at: www.unicef.org/kazakhstan/media/1426/file/Публикация%20на%20каз%20.pdf (Accessed: 20.09.2020)
9. Genderlik sayasat jane kazak kogamyndagy aiel [Gender policy and women in Kazakh society], AQIQAT, - Almaty, March 19, 2018.
10. Utemurat O. Genderlik tendik – turaktylykka tirek [Gender equality - a pillar of stability], Newspaper «Egemen Kazakhstan», - Nur-Sultan, 29.08.2019.
11. Biz degradatciyadamyz [We are degraded] Newspaper «Kazakh literature», Almaty, 13.10.2019.
12. Tendikte de tendik bar [There is equality in equality] International political Newspaper «Tu'rkistan», Nur-Sultan, 23.07.2020.

Авторлар туралы мәлімет:

Сейдигазимова Шынар – негізгі автор, Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Тапанова Сауле – ф.ғ.д., Журналистика және саясаттану факультетінің профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Топлу Мехмет – Коммуникация факультетінің доцент-докторы, Анкара Қажы Байрам Вели Университеті, Анкара, Түркия.

Seidigazimova Shynar – main author, Doctoral student of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian national University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Tapanova Saule – Professor, Ph.D. of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian national University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Toplu Mekhmet – Professor-doctor of Communication, University Of Ankara Hacı Bayram Veli, Ankara, Turkey.